

Элективті пәндер каталогы

1. **Кафедра:** «Мейіргер іс-2і»
2. **Дайындау деңгейі:** Колледж
3. **Мамандығы:** «Мейіргер ісі»
4. **Курс:**4
5. **Элективті пән атауы:** «Мейіргер ісіндегі дәлелді практика»
6. **Кредит саны:**1
7. **Пәннің мақсаты:** Мейіргер ісінің ғылыми бағытына, біліміне, мейіргерлік практиканы енгізудің үздік тәжірибелерін зерттеу.

8. Міндеттері:

- Студенттердің «Мейіргер ісіндегі дәлелді практика» пәні бойынша білімдерін, біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру
- Мейіргерлік тәжірибеде, сондай-ақ ғылыми зерттеу және практикалық бағдарламаларды іске асыру процесінде «Мейіргер ісіндегі дәлелді практика» пәні бойынша шешім қабылдаудың басқарушылық және клиникалық орнын зерттеу
- «Мейіргер ісіндегі дәлелді практика» пәнін ғылымға, практика мен білімге енгізу бойынша тәжірибелерді зерттеу және дәлелді практика бойынша ұлттық оқыту материалдарын дайындау.

9. Пәнді таңдаудың негіздемесі:

Ғылыми деректерді практикада қолдану медициналық көмек көрсетуге арналған барлық пәндер үшін міндетті болып табылады. Ғылыми жаңалықтар, емдеу мен күтімді жақсарту, уақыт пен қаржыны тиімді пайдалану жолдарын анықтайды. Бұл мейіргерлердің науқастарға және олардың отбасы мүшелеріне күтім жасаудың күнделікті тәжірибесінде ғылыми деректерді пайдалануы үшін жеткілікті негіз болып табылады, яғни мейіргер ісіндегі дәлелді практика денсаулық сақтаудың шындығына айналады.

Мейіргер ісіндегі дәлелді практика бұл науқас және олардың туыстарымен бірге шешім қабылдау, іс-қимыл жасау және өзара әрекеттесу кезінде ғылыми зерттеулердің деректері қолданылатын практика.

Дәлелді практика қол жетімді ең жақсы ғылыми деректерді мейіргер қызметкерлерінің тәжірибесімен, науқастардың, олардың жақындарының, көмек көрсетілетін қауымдастықтардың қалауы мен құндылықтарын біріктіреді.

10. Оқыту нәтижелері (құзыреттіліктер)

Білімі (когнитивті сфера)	Шеберлігі және дағдысы (психомоторлы сфера)	Арнайы мен кәсіби компетенция (қатынас)
Сыни бағалау дағдыларын көрсетуді біледі	Науқастарды, олардың отбасыларын және пән аралық топты тиімді ақпараттандыру және ақпаратты алу, сыни бағалау, қолдану және тарату дағдыларын көрсетеді	Технологиялардың кең спектрін пайдалана отырып, әртүрлі жағдайларда, әртүрлі адамдармен тиімді өзара іс-қимыл жасай алады
Мейіргер ісіндегі дәлелді практиканы жақсарту үшін жаңа идеяларды біледі	Мейіргер ісіндегі дәлелді практиканы жақсарту үшін жаңа идеялар жасайды	Түрлі жағдайларда қазақ және орыс тілдерінде ауызша және жазбаша түрде тиімді кәсіби қарым-қатынас дағдыларын көрсетеді
Ғылыми дәлелдерге негізделген, жақсартылған мейіргерлік техникаларды біледі	Ғылыми дәлелдерге негізделген жақсартылған мейіргерлік техниканы дамытады	Тиімді ақпарат алмасу үшін әртүрлі ақпараттық-коммуникациялық

		технологияларды кәсіби мақсатта қолданады
Дәлелді практика бойынша нұсқаулықты біледі	Мейіргер ісіндегі дәлелді практика бойынша нұсқаулық таратады	Жеке және топтық жұмыс нәтижелері үшін жоғары жауапкершілікпен қарайды
Мейіргер ісіндегі дәлелді практиканы, мейіргерлік күтім нәтижелеріне әсер ететін маңызды фактор ретінде біледі	Дәлелді мейіргерлік материалдарды пайдалана отырып, мейіргерлік күтім нәтижелеріне және денсаулықты нығайтуға әсер ететін маңызды фактор ретінде мейіргерлік дәлелді практиканы талдайды	Мәдениеті, сенімі, дәстүрі, ұлты, өмір салты және дүниетанымы бойынша ерекшеленетін адамдармен сыйластық пен өзара әрекеттесу қабілетін көрсетеді

11. Пререквизиттер: «Мейіргер ісіндегі менеджмент».

12. Постреквизиттер: «Қарқынды күтімдегі мейіргер ісі».

13. Әдебиет:

Негізгі әдебиеттер:

1. Мамандандырылған медбикелік күтімді ұйымдастыру мед. колледждер мен училищелерге арналған оқу құралы / Н. Ю. Корягина [ж. б.]; ред. басқ. З. Е. Сопина; жауапты ред. С. Қ. Мұратбекова; қаз тіліне ауд. А. Р. Құспанова, Б. Т. Алпыспаева; РФ білім және ғыл. министрлігі. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 432 бет
2. Дәлелді мейіргер ісі негіздері [Мәтін]: оқу құралы / Ж. Б. Бекбергенова [т. б.]. - Қарағанды: АҚНҰР, 2020. - 163 б.с.
3. Основы доказательной сестринской практики [Текст]: учебное пособие / Ж. Б. Бекбергенова [и др.]. - Караганда : АҚНҰР, 2020. - 202 с
4. Алибаева, Г. А. Безопасность и качество в сестринском деле [Текст] : учебное пособие / Г. А. Алибаева, В. А. Петренко, Д. З. Утеулиева. - Қарағанды : Medet Group, 2021. - 220 с.
5. Қаныбеков, А. Емшара және таңу бөлмелерінің мейірбикелерінің іс - әрекеттері: оқулық / А. Қаныбеков, А. Қаныбекова. - Алматы : Эверо, 2017. - 200 бет. с.
6. Адилова, Л. М. Мейіргердің манипуляциялық әрекетінің алгоритмдері: оқу құралы Алгоритмы сестринских манипуляций : учебное пособие/- М. : "Литтерра", 2016. - 248 бет.

Қосымша әдебиеттер:

1. Справочник старшей (главной) медицинской сестры: справ. изд. / авт.-сост. В. Евплов. - 8-е изд., доп. и перераб. - Ростов н/Д : Феникс, 2009
2. Паллиативтік көмек: оқу - әдістемелік құрал / А. А. Сейдахметова [т/б.]. - Шымкент : ОҚМФА, 2016. - 101 бет.
3. Нурманова, М. Ш. Сборник стандартов сестринских технологий по дисциплине "Основы сестринского дела" - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013.

1. Кафедра: «Мейіргер ісі-2»

2. Дайындау деңгейі: Колледж

3. Мамандығы: «Мейіргер ісі»

4. Курс: 2

5. Элективті пән атауы: «Шұғыл мейіргерлік көмек»

6. Кредит саны: 1

7. Пәннің мақсаты: Қауіпті жағдайда науқастың мәселесін шешу үшін шұғыл медициналық көмекте мейіргерлік үрдісті іске асыру, жоспарлау, ұйымдастыру бойынша білім мен дағды қалыптастыру.

8. Міндеттері:

- Технологиялық немесе әдістемелік сипаттағы мәселелерді шешу, шешудің әртүрлі тәсілдерін таңдау
- Науқастың жағдайын және оның қызметінің нәтижелерін үздіксіз бақылау қажеттілігі
- Кәсіби қызмет компоненттерін әзірлеу, енгізу, бақылау, бағалау және түзету
- Шұғыл көмек көрсету және науқастарға күтім жасау негіздері бойынша теориялық және практикалық дағдыларды үйрету
- Қауіпсіз шұғыл көмек көрсетуді және пациенттерді тиімді анестезиялауды жүргізу, сондай-ақ хирургиялық араласу кезінде хирургтың жұмысы үшін оңтайлы жағдайлар жасау
- Операцияға дейін, операция кезінде және одан кейін науқастың күтімі мен өмірін қамтамасыз ету

9. Пәнді таңдау негіздері:

Әрбір медицина қызметкері төтенше жағдайда шұғыл көмек көрсете білуі керек. Анестезия және қарқынды терапия жүргізу кезінде мейіргер анестезиологиялық және реаниматологиялық топтың дербес маманы ретінде өзінің құзыретіне сәйкес өзінің функционалдық міндеттерін дұрыс және уақтылы орындауы тиіс. Шұғыл мейіргерлік көмек бойынша білім мен дағдылар мейіргер бойынша әрбір дайындықтың және келесі кезеңінің сапалы жаңа деңгейін қамтамасыз етеді.

10. Оқыту нәтижелері (құзыреттіліктері)

Білімі (когнитивті сфера)	Шеберлігі және дағдысы (психомоторлы сфера)	Арнайы мен кәсіби компетенция (қатынас)
Жұмыстың ұйымдастырылуын, құрылымын, қызметтің жабдықталуын біледі жедел жәрдем бригадаларының, оның ішінде мамандандырылған жедел жәрдем бригадаларының жұмыс ерекшеліктері біледі	Медициналық аппаратураның және техникалық құралдардың жарамдылығын тексере алады	Кәсіби, жеке, және корпоративтік байланыстар орнатуды біледі
Жедел медициналық жәрдем станцияларының нормативтік-құқықтық құжаттамасын және есептік-есептік медициналық құжаттамасын біледі	Шұғыл көмек көрсету кезінде мейірбикелік манипуляциялар мен рәсімдер технологияларының стандарттарын қолдана алады	Ақпараттық іздеу мәселелерін шеше алады, жеке және кәсіби өсуге дайын болу
Жедел медициналық жәрдем персоналының кәсіби қызметіндегі этика, мораль және құқық нормаларын біледі	Өкпені жасанды желдету және пациентті өз бетінше тыныс алуға ауыстыру принциптерін іске асыра алады	Икемді және креативті ойлауға ие болу
Тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері мен органдарының клиникалық анатомиясын, физиологиясын және патофизиологиясын біледі	Аппаратураны, техникалық құралдарды, медициналық құралдар жиынтығын жұмысқа дайындай алады	Жұмыстың өзіндік және топтық нәтижелері үшін жоғары жауапкершілікке ие болу

Дәрілік препараттардың клиникалық фармакологиясын (фармакокинетикасы мен фармакодинамикасын) біледі	Жедел жәрдем процесінде қолданылатын медициналық аппаратурамен, техникалық құралдармен, дәрі-дәрмектермен жұмыс істей алады	
Шұғыл көмек көрсету кезінде мейіргерлік манипуляциялар мен рәсімдер технологияларының стандарттарын біледі	Шұғыл көмек көрсету кезінде мейіргерлік манипуляциялар мен рәсімдер технологияларының стандарттарын біледі	
Жедел жәрдемнің негізгі кезеңдерін біледі	Жедел жәрдем кезеңдерін ретімен жүргізе алады	
Көмекке мұқтаж науқас туралы қажетті медициналық ақпаратты алу әдістерін біледі	Клиникада жиі кездесетін төтенше жағдайлардың белгілері мен синдромдарын ажыратады	

11. Пререквизиттер: «Анатомия, физиология», «Мейіргер ісі негіздері».

12. Постреквизиттер: Кәсіптік практика «Шұғыл медициналық көмек»

13. Әдебиет:

Негізгі.

1. Мейірбикелік дағдылар оқулық / А. Қаныбеков – Алматы : Эверо, 2016. – 476 б. с.
2. Тұрланов, Қ. М. Жедел медициналық жәрдем/ Қ. М. Тұрланов, С. А. Қалқабаева. – 2-ші бас., толықт. және өнд. - Алматы : Эверо, 2014. – 444 с.
3. Красильникова, И. М. Дәрігерге дейінгі шұғыл медициналық көмек: оқу құралы / И. М. Красильникова, Е. Г. Моисеева ; жауапты ред. А. Н. Саржанова ; қазақ тіліне ауд. Г. Ж. Сағындықова. – М. : ГЭОТАР – Медиа, 2014. – 208 бет
4. Жедел медициналық жәрдем оқулық / Қ. М. Тұрланов ҚР денсаулық сақтау министрлігі; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ; ҚазҰМУ-нің 80 жылдығына арналады. – 2-бас., толықт. және өнд. – Алматы : Эверо, 2010. – 44 бет.
5. Алпысова, А. Р. Ауруханаға дейінгі кезеңде жедел көмек көрсету алгоритмдері = Алгоритмы оказания неотложной помощи на догоспитальном этапе : оқу құралы. – Караганда : АҚНҰР, 2015. – 120 б. с.
6. Вялов, С. С. Общая врачебная практика: неотложная медицинская помощь: учебное пособие / С. С. Вялов. – 6-е изд. ; Рек. Учебно-методическим объединением по мед. и фармацевтическому образованию вузов России. – М. : Медпресс-информ, 2014. – 112 с.

Қосымша.

1. Повышение качества медицинской помощи и безопасности пациентов в медицинских организациях : наглядное руководство / пер. с англ. Г. Э. Улумбековой ; под ред. С. С. Панисар. – М. : ГЭОТАР – Медиа, 2016. – 160 с.
2. Алпысова, А. Р. Неотложные состояния в практике врача скорой помощи : учебно-методическое пособие / А. Р. Алпысова. – Караганда : АҚНҰР, 2016. – 176 с.
3. Қатерлі жағдайлар кезіндегі шұғыл әрекеттер] = Неотложные состояния при несчастных случаях = Emergency states in the case of accident : оқу-әдістемелік құрал / А. Р. Алпысова Алматы : Эверо, 2015. – 168 б- 95 экз.
4. Алпысова, А. Р. Жедел жәрдем дәрігерінің тәжірибесіндегі төтенше жағдайлар: оқу-әдістемелік құрал / А. Р. Алпысова ; ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі. ҚММУ. – Караганды : АҚНҰР, 2016. – 178 б. с.
5. Қарқынды емдеу бөлімшесінің мейіргері: практикалық нұсқаулық / Ред. В. Л. Кассиль., қаз. тіліне ауд. У. Е. Ибраев. – М. : ГЭОТАР – Медиа, 2016. – 312 бет ил.

6. Скорая медицинская помощь: национальное руководство / Российское общество скорой медицинской помощи ; под ред. С. Ф. Багненко и др. – М. : ГЭОТАР – Медиа, 2015. – 888 с. : ил.